

СТРОИТЕЛЬСТВО КОНТЕЙНЕРНОГО ТЕРМИНАЛА В ПОРТУ ПОТИ ПОЗВОЛИТ КАЗАХСТАНСКОМУ И ГРУЗИНСКОМУ БИЗНЕСУ НЕ ТОЛЬКО УЧАСТВОВАТЬ В ФОРМИРОВАНИИ ГРУЗОВЫХ ПОТОКОВ, А ТАКЖЕ СОЗДАСТ ВЫГОДНЫЕ ТАРИФНЫЕ УСЛОВИЯ НА МАРШРУТЕ ТМТМ. КРОМЕ ТОГО, ЭТО ДОЛЖНО ПРИВЛЕЧЬ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ОБЪЕМЫ ТРАНЗИТНЫХ ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН И ГРУЗИЮ.



Марат КАРАБАЕВ,  
министр индустрии и инфраструктурного развития РК



№69 (2886)  
18/08/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ЛУЧШИЕ ПРОЕКТЫ «ЖЕТИ ҚАДАМ»

В АО «Самрук-Қазына» подвели итоги программы развития молодых лидеров «Жеті қадам», в которой приняли участие шесть сотрудников АО «НК «ҚТЖ». К слову, лидеры были отобраны из более чем 80 тысяч молодых сотрудников фонда.

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

В фонде «Самрук-Қазына» подвели итоги модульной программы развития молодых лидеров «Жеті қадам». К защите проектов команды, состоящие из специалистов компаний группы, готовились на протяжении семи месяцев.

Каждая работа должна была соответствовать следующим основным критериям: тиражируемость по группе компаний АО «Самрук-Қазына», то есть возможность масштабирования; экономическая целесообразность (расчеты проекта и его логичное обоснование); соблюдение принципов ESG; практическое применение. Напомним, первый этап отбора прошел в ноябре прошлого года в Туркестане. На молодежном форуме на основе специального челленджа из 200 участников выбрали 49. Их, в свою очередь, разделили на семь команд, закрепив за каждой по два опытных наставника из числа президентского молодежного кадрового резерва. К слову, семь обучающих модулей провели в семи городах Казахстана.

Программу «Жеті қадам» в АО «Самрук-Қазына» разработали в рамках реализации программы по поддержке молодежной политики, а также с целью сделать из молодых и эффективных сотрудников фонда и портфельных компаний будущих лидеров, обучить их техникам



внедрения управленческих компетенций, развить коммуникативные навыки, умение работать в команде, понимание принципов бюджетного планирования.

В своей приветственной речи председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов отметил, что основным приоритетом в кадровой политике фонда является человеческий капитал. А в группе «Самрук-Қазына» сегодня работают более 80 тысяч специалистов в возрасте до 35 лет.

– Им уделяют особое внимание, чтобы максимально эффективно использовать их потенциал, – сказал председатель правления АО «Самрук-Қазына» Нурлан Жакупов.

Лучшим проектом программы «Жеті қадам» жюри признало работу «Уменьшение

углеводородного следа на предприятиях», второе место – у проекта «Реализация молодежной политики», третье – заняла команда с работой на тему «Культура безопасности на предприятии». Победителям предстоит реализовать свой проект в одной из компаний группы в течение ближайших двух лет.

В программе приняли участие и шесть железнодорожников – молодых лидеров.

– Мы все получили отличный опыт от этой программы. Очень радует, что наш проект «Уменьшение углеводородного следа на предприятиях» был признан лучшим и получил столь высокую оценку жюри. Такие победы вдохновляют на еще большие достижения! – говорит Замир Сериков.

Фото автора

### ДОСТАВИТЬ УГОЛЬ ВОВРЕМЯ



Более 16 миллионов тонн угля за три месяца доставлено АО «НК «ҚТЖ» в адрес теплоэлектростанций страны.

Доставка твердого топлива для нужд регионов является одним из приоритетных видов перевозок компании. В рамках подготовки к отопительному сезону 2023-2024 годов в ҚТЖ утверждена «дорожная карта» по перевозке угля, создан оперативный штаб и мониторинговые группы.

Проведен широкомасштабный аудит подъездных путей, где производится выгрузка угля. Для ведения единого учета и отчета для всех заинтересованных участников разрабатывается дашборд с интерактивным наполнением.

На встречах с представителями угольных разрезов обсуждены планы перевозок на второе полугодие 2023 года и вопросы зонирования отгрузок угля. Регулярно проводятся совещания с акиматами, государственными органами и ТЭЦ.

За три месяца, начиная с мая 2023 года, АО «НК «ҚТЖ» перевезено 16,3 миллиона тонн угля, что на 250 тысяч тонн больше, чем за аналогичный период прошлого года.

В целом с начала года компанией во внутриреспубликанском сообщении доставлено 44,2 миллиона тонн твердого топлива. При этом для теплоэлектростанций страны – 40 миллионов тонн, что на 714 тысяч тонн угля больше, чем за тот же период прошлого года.

Любовь РОББА

### ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ ӨТТІ



«Қамқор Локомотив» ЖШС – Ақтөбе локомотив жөндеу базасында Батыс өңіріндегі теміржол саласының жылжымалы құрамды жөндеушілері арасында «Үздік слесарь-2023» номинациясы бойынша кәсіби шеберлік байқауы өтті.



Төрт өңірдегі филиалдардан келген жұмысшылар сайыс барысында практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын, 2ТЭ10МК серийлы тепловоздарды жөндеу арқылы өздерінің шеберліктерін көрсетті.

«Қамқор Локомотив» филиалдары арасында бұл байқау 2019 жылдан бері «Қамқор Магистраль» кәсіподақ ұйымымен бірлесіп отырып жыл сайын өтуі дәстүрге айналған. Осы жылдар аралығында Астана локомотив жөндеу депосының базасында «Үздік дефектоскопист», ал Ақтөбе электровоз жөндеу зауыты базасында «Үздік дәнекерлеуші» сайыстары өткізілді. Әрине, мұндай іс-шаралардың басты мақсаты – мамандардың өзара тәжірибе алмасуына ықпал ету, кәсіби шеберліктерін дамыту және темір жол саласы жұмысшыларының мәртебесін арттыру – деді «Қамқор Локомотив» ЖШС Тартымды жылжымалы құрамға сервистік қызмет көрсету жөніндегі директоры А.С.Әлиев байқаудың ашылу салтанатында.

Байқауға қазылық еткен сараптама комиссиясының төзелсіз өкілдері әрбір қатысушының орындаған жұмысының жылдамдығы мен сапасына, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидаларының сақталуына назар аударып, жұмыс орнының мәдениетін бағалады. Әрбір қатысушының теориялық білімдері мен практикалық тәжірибелерін таразылады. Оның қорытындысы бойынша үздіктер де анықталды. «Үздік слесарь-2023» номинациясы бойынша бас жүлде Ақтөбе локомотив жөндеу депосының электр машина жөніндегі слесарі Андрей Понамарчукке бұйырды. Ал бірінші орынды Сексеуіл локомотив жөндеу депосы электр машина цехінің жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарі Мұзафар Ертанасов қанжығасына байласа, 2-ші және 3-ші орындарды Шалқар сервис орталығы электр машина цехінің жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарі Ақылбек Баешев пен Мақат сервис орталығы электр машина цехінің жылжымалы құрамды жөндеу жөніндегі слесарі Азамат Есенғалиев өзара бөлісті.

Байқау жүлдегерлеріне «Қамқор Магистраль» кәсіподағы атынан ақшалай жүлде – сертификаттар мен дипломдар табыс етілді.

Ислам ТАЛПАТ

### Жоба

## МАШИНИСТ-НҰСҚАУШЫЛАР БІЛІКТІЛІК АРТТЫРДЫ

Астана қаласындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлерін оқыту және дамыту орталығында машинист-нұсқаушыларға арналған «Кәсіби шамшырақ» Корпоративтік даму бағдарламасы бойынша оқыту модулі өтті.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Іс-шараның ашылуына «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шакинов, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева және «ҚТЖ» Жүк тасымалы ЖШС Бас директорының міндетін атқарушы

Марлен Көкірекбаев, т.б. жауапты мамандар қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, оқытудың негізгі мақсаты – машинист-нұсқаушылар қызметінің тиімділігін арттыру, өндірістік қауіпсіздік деңгейін көтеру, өндірісте жарақат алуды азайту, кәсіби біліктілікті дамыту, жеке және командамен жұмыс сапасын жақсарту, жұмысшыларды

оқытудың заманауи әдістерін енгізу. Бағдарлама кәсіби және көшбасшылық құзыреттерді дамытуға, «адам факторының» өндірістік процестерге теріс әсерін төмендетуге ықпал ететін білім мен дағдыларды игеруге, машинист-нұсқаушылар институтының жаңа мәртебесін қалыптастыруға, басқарудың озық құралдарын енгізуге бағытталған.

(Жалғасы 2-бетте)

## КОНТЕЙНЕРНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ПОШЛИ В РОСТ

В первом полугодии 2023 года объем контейнерных перевозок, экспедированных АО «КТЗ Express», составил 346 тысяч ДФЭ. Это выше уровня аналогичного периода 2022 года в 2,6 раза.

Алуа ТЛЕУБАЙ,  
Астана

Рост обусловлен проведенной работой по увеличению доли АО «КТЗ Express» во всех основных транзитных направлениях (Китай – Россия – Китай, Китай – Центральная Азия – Китай, Китай – Беларусь – Китай).

Также компания на постоянной основе проводит работу по повышению уровня удовлетворенности клиентов. По итогам первого полугодия этот показатель составил 88% (рост 6% к аналогичному периоду прошлого года). Для увеличения клиентоориентированности, в том числе для китайских и европейских грузоотправителей, улучшен ряд сервисов, в частности – работа Единого контакт-центра с коротким номером 1462

(прием всех входящих обращений).

Кроме того, к основным знаковым мероприятиям, реализованным компанией за этот период, относится привлечение на рынок Республики Казахстан транснациональной логистической компании PSA International Pte Ltd (Сингапур) и организация контейнерных поездов в полувагонах по направлению Китай – Россия с перегрузом на фитинговые платформы на станции Сороковая. Это позволило оптимизировать нити графика на участке Достык – Мойынты и сократить встречный порожний пробег полувагонов.

Также организовано регулярное фирменное сообщение по маршруту Потти (Грузия) – Констанца (Румыния). Это, в свою очередь, позволит расширить географию перевозок по ТМТМ и достав-



лять грузы до конечной точки в Европе. В текущем году планируется развитие инфраструктуры ТОО «KTZE – Khorgos Gateway» путем увеличения мощностей терминала.

Фото Александра ЖАБЧУКА

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҒДАРЛАРҒА ҚОСЫМША ЖҮКТЕРДІ ТАРТУ ҮШІН КОМПАНИЯ ТАРАПЫНАН СЕРВИСТІ ЖАҚСARTYҒА ҚА- ТЫСТЫ БІРҚАТАР ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНДЫ. БІРІНШІДЕН, ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕРДІ АЗАЙТУ БОЙЫНША ЖҮМІС ЖАСАЛДА. СОНДАЙ-АҚ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН ТАСЫМАЛДАУ КЕЗІНДЕ ТРАНЗИТТІК ТАУАРЛАРДЫ КЕДЕНДІК ТЕКСЕРУГЕ ТҮЙІМ САЛУДЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ БЕКІТУ БОЙЫНША ЖҮМІС ЖҮРГІЗІЛУДЕ»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ЖЕТИ АЙЫНДА ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҮРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСARTY БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ

100

ФИМАРАТ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН.

ДОСТЫҚ – МОЙЫНТЫ ТЕЛІМІНДЕ ЕКІНШІ ЖОЛДЫ САЛУ ҚҰРЫЛЫСЫНА

1 000

АСТАМ ЖҮМІСШЫ ЖҮМЫЛДЫРЫЛҒАН.

СОҢҒЫ 10 ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖОЛАУШЫЛАР ПАРКІ ҚАУІПСІЗДІК, ЖАЙЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗАЛЫҒЫ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА ЖАУАП БЕРЕТІН

1230

АСТАМ ЗАМАНАУИ ВАГОНМЕН ЖАҒАРТЫЛДЫ.



## ЖҮЗ ВАГОНМЕН ТОЛЫҒАДЫ

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана



«Жолаушылар тасымалы» АҚ паркі биыл 100 жаңа вагонмен толығымен деп күтілуде. Соның бірқатары «ЗИКСТО» АҚ шығарған жаңа жолаушылар вагондары. Олар осы жылдың соңына дейін жеткізіледі деп күтілуде.

Вагондар ауа баптау, бейнебақылау және өрт сөндіру жүйесімен жабдықталған. Тоңазытқыштар, микро-толқынды пештер, ішетін суы бар диспенсерлер және ыстық су тиганы бар. Электр розеткалары орнатылған. Жаңа вагондармен елдің батыс бағытында жүретін құрамдарды жаңарту жоспарлануда.

Сондай-ақ 2025 жылдан бастап Қоғам паркіне Stadler компаниясының экологиялық таза дәретхана кешендерімен, электр розеткаларымен, бейнебақылау жүйесімен, USB, сондай-ақ ауаны баптау жүйесімен жабдықталған заманауи вагондары қосыла бастайды. 2030 жылға дейін 537 вагон сатып алу көзделген.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ мамандарының сөзіне сүйенсек, соңғы он жыл ішінде жолаушылар вагоны паркінің 50% жаңартылған. Қауіпсіздік, жайлылық және экологиялық талаптарға сай келетін 1200-ден астам заманауи вагон сатып алынған.

## ДАЙЫНДЫҚТАРЫН ПЫСЫҚТАДЫ

**Арсен БАЙЗАҚ,**  
Түрксіб



Түрксіб станциясында терроризмге қарсы және азаматтық қорғаныс бойынша оқу-жаттығу шарасы өтті.



Жаттығу алдын ала құрылған сценарий бойынша өтсе де, құрылымдардың өзара іс-қимылын пысықтап, шеберліктерін шыңдаған сабақ болғаны анық. Алдымен вокзалдағы жолаушылар қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, залалсыздандырылды. Оларға тиісінше әлеуметтік және медициналық көмек көрсетілді. Шараға ҰҚК, ТЖД, Желілік ішкі істер бөлімі, ҚТЖ Әскерилендірілген темір жол күзеті және медицина орталығының өкілдері қатысты.

– Түрксіб станциясы – тоғыз жолдың торабына орналасқан маңызды стратегиялық нысанның бірі. Жүк және жолаушылар қауіпсіздігі аса маңызды. Бүгінгі жаттығу салалас құрылымдардың кез келген жағдайда оңтайлы қимыл жасап, қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатынын көрсеткен шара болды және жоғары деңгейде өтті деп қорытындыланды, – дейді Жамбыл бөлімшесі бойынша Терроризмге қарсы бөлімнің бас маманы Данияр Ташметов.

Суретті түсірген автор

## МАШИНИСТ-НҰСҚАУШЫЛАР БІЛІКТІЛІК АРТТЫРДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған локомотив бригадаларының машинист-нұсқаушылары төрт күн бойы аталған бағдарлама аясында білім алды. Атап айтқанда, олар апатты және стандартты емес жағдайда қолданатын әдістер мен жаңа машықтарды меңгерді. Локомотив бригадаларына арнап техникалық сабақтар өткізетіндіктен оларға осы модуль барысында оқыту процесі құрылымы мен әдістемесін игеруге мүмкіндік берілді. Бірінші күні қатысушылар түрлі климаттық жағдайдағы апатты және стандартты емес оқиғалар кезінде әрекет ету, бақылау-инструкторлық сапар: машинист-нұсқаушының мақсаты мен міндеттері тақырыптарында саланың білікті мамандарының дәрісін тыңдады. Екінші күні өндірістік экскурсияға шығып, электр/жылу тартымының жаңа сериядағы локомотивтерінің құрастырылуы туралы дәріс тыңдады. Сонымен қатар арнайы мамандардан мінез-құлық пен әдеп кодексі, сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі туралы мәліметтерге қанықты. Келесі күндері автотегіштерді басқару, шешендік өнер, еңбек қауіпсіздігі мәдениеті тақырыптарында тренерлердің дәрісіне қатысты.

– Оқыту модуль барысында жаңа бағытта



жұмыс істеу тәсілдерімен танысып, қарамағындағы қызметкерлермен қалай тиімді жұмыс істеуді үйрендім. Сонымен қатар өзге өңірлерден келген әріптестерімен кездесіп, танысып, өзара пікір алмастық, соның өзі тәжірибе, – дейді Екібастұз локомотив пайдалану депосының машинист-нұсқаушысы Нұржан Байбакин.

Машинист-нұсқаушыларды аталған бағдарлама бойынша оқытудың 1-ші модулі 15-18 тамыз аралығында офлайн өткізілсе, 2-ші модуль 24-31 тамызда онлайн және 3-ші модуль 25-27 қыркүйекте қайтадан офлайн

форматта ұйымдастырылады. Екінші модуль цифрландыру, корпоративтік мәдениетті арттыру, еңбек заңнамасы, күйзеліске төзімділік, ESG, үнемді өндіріс бойынша мәселелерге арналады. Ал үшінші, соңғы модульде қатысушыларға тәжірибелік кейс талдау ұсынылады, сонымен қатар олар жобаларын қорғап, қорытынды шығарады және барлығы сертификаттарға ие болады. Үш модульді оқу екі айда өткізіліп, соның барысында 50 машинист-нұсқаушы қамтылады.

Суретті түсірген автор

## САЛАЛЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Атырау магистральдық желі бөлімшесі өндірістік, шаруашылық, қаржылық және кадрлық қызметте, сонымен қатар пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін өткен жылдың қорытындысымен салалық жарыста жеңімпаз атанып, 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Аслан Базарғалиев жеңімпаздарға жүдделерін табыс етіп, ортақ мүдде жолындағы еңбектеріне табыс тіледі. Бөлімше өткен жылы салалық жарыстың көптеген көрсеткіштері бойынша жоғарғы балл жинаған. Яғни бөлімше бойынша өндірісте күрделі ақауларға жол берілмеген, өндірістік жарақат алу жағдайлары, апаттық жағдайлар болмаған. Биылғы жылы да өндірістік көрсеткіштермен алда келеді.

Бөлімше басшысының міндетін атқарушы Амангелді Рахмиденовтің мәлімдегеніндей, ұжымда білім мен біліктілікке үлкен мән беріліп, мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында жоспарлы техникалық сабақтар үнемі жүргізілуде.

– Сонымен қатар түрлі жағдайлар мен оқиғаларға байланысты жеделхаттар уақытылы оқытылып, келесі кезекте мұндай жағдайлардың қайталанбау мақсатында жұмысшылардың білім деңгейін көтерудеміз. Техникалық сабақ барысында қысқаметражды бейнероликтер, ситуациялық схемалар

міндетті түрде жұмысшылар назарына ұсынылады. Айта кетерлігі, бүгінгі таңда бөлімшеде екі мыңнан астам адам қызмет етеді, ұжым қызметтерінің тарапынан еңбек және технологиялық тәртіпті бұзу оқиғасы тіркелген емес. Өндірістік жұмысты орындау еңбектері бағаланып, бөлімше өндірістік-қаржылық қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін салалық жарыстың жеңімпазы атанып отырмыз. Бұл біз үшін үлкен мерей, – дейді ол. Осындай жетістіктері үшін

жұмысшыларға үстеме сыйақы төленеді.

Әрине, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау, станциялардың өткізу қабілетін, пойыздар жүрісінің жылдамдығын арттыру үшін жол сапасы жақсы болуы шарт. Сол бағытта, бөлімше бойынша биылғы жылға арналған жоспарға сәйкес аймақта 99,97 шақырым жол күрделі жөндеуден өтетін болып бекітіліп, қазіргі уақытта оның 80 шақырымы салынып бітті. Соның ішінде Құлсары жол дистанциясы бойынша Қоркөл-Рзд-464 аралығында белгіленген 31,5 шақырым жол түгелдей салынып бітіп, пайдалануға берілді. Жалпы Құлсары дистанциясы бойынша былтырғы жылы да күрделі

жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Атап айтқанда, Құлсары-Бейнеу телімінің 465-Опорная-464 бекеттері аралығында жоспарланған 35,446 шақырым жол, Құлсары-Мақат телімінің 470-469-Шоқпартоғай-Құлсары бекеттері аралығында 28,020 шақырым жол да күрделі жөндеуден өтті. Нәтижесінде Құлсары-Бейнеу телімінің күрделі жөндеуден өткен жолдарында енді жолаушы пойыздарына 120, Тальгоға 140, ал жүк пойыздарына 100 шақырымға дейін жылдамдыққа рұқсат етілген.

Осы және басқа да жетістіктері үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ шешімімен 2022 жылғы салалық жарыстың қорытындысы бойынша Құлсары жол дистанциясының ұжымы 1-ші дәрежелі дипломмен, ал оның басшысы Рақымжан Көрпебаев ұжымда бірлік пен біліктілікті нығайта алғаны үшін «Үздік басшы» белгісімен марапатталды. Р.Көрпебаев еңбек жолын жол жөндеуші болып бастап, жол шебері, телім басшысы, бас механик, станция бастығының орынбасары сынды еңбек жолынан өткен тәжірибелі жолшы. Айна кетсек, Құлсары жол дистанциясы Мақат-Бейнеу аралығындағы 1335 шақырымнан 1040 шақырымға дейін 296 шақырымды қамтиды.

Суретті түсірген автор

## Назардағы нысан

### ЕРЕКШЕ СТАТУСЫ БАР СТАНЦИЯ

Алматы жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Достық станциясының статусы да ерекше. Қытаймен шекаралас кластан тыс станция Ақтоғай – мемлекеттік шекара учаскесінің 303-310 шақырымында орналасқан. Жұмысының сипаты бойынша жүк және сұрыптау станциясы функцияларын атқарады.

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

Қытайдың Үрімші темір жолына қарасты Алашанькоу шекаралық станциясымен шектесетін Достық станциясы қызметінің өзіне тән ерекшелігі неде десек, ең алдымен оның жұмысы, яғни екі станция арасында жұмыс тәртібі ҚХР Темір жолдар министрлігі мен ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің аралас комиссиясының хаттамасымен бекітілетінін айтып өткен жөн. Бұл құжат екі елдің теміржолшылары арасында келіссөздер жүргізу барысында жылына бір рет түзіледі екен. Екінші ерекшелігі, станцияда қос ел арасына қатынайтын құрамдардың доңғалақ жұптарын теміржолдың 1520 мм қазақстандық жолтабанынан 1435 мм қытай жолтабанына және керісінше ауыстыру жұмыстары

атқарылады. Станция автоматты блоктаумен жабдықталған, пойыздардың қозғалысын аралас комиссия хаттамасының талаптарын негізге ала отырып, станция кезекшілері атқарады. Станция бірнеше операцияларды орындайды: пойыздарды қабылдау және жөнелту, құрастыру және тарату; вагондарды 1520 мм жол табанынан 1435 мм жол табанына және керісінше қою; Қытай Халық Республикасының вагондарынан Қазақстан Республикасының вагондарына және керісінше жүктер мен контейнерлерді қайта тиесуді қамтамасыз ету; тауарларды кедендік ресімдеу; жолаушылар пойыздарын қабылдау және жөнелту, қала берді жолаушыларға қызмет көрсету; сондай-ақ Қытайда тауарларды қабылдау және оларға тапсыру. Достық – Алашанькоу учаскесіндегі пойыздардың салмақ норма-



лары «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Үрімші темір жолы арасындағы жыл сайынғы келісіммен белгіленеді. ДСП кеңсесінде орналасқан ЭЦ қосынында байланыстың барлық түрлері, пойыздық, маневрлік радиобайланыс, екі жақты парк байланысы, диспетчерлік, станция аралық, жергілікті телефон байланыстары бар. Достық-Алашанькоу учаскесіндегі жүк пойы-

зының номиналды ұзындығы 56 вагонды құрайды. Станцияның бес парк бар, пойыздарды қабылдап жөнелтетін «А» паркіндегі жолдың табаны 1520 мм болса, «В» жолаушылар паркінде жол табандары 1520 мм және 1435 мм, ал «Д» қабылдап-жөнелту паркінің жол табаны 1435 мм, «Г» сұрыптау паркіндегі жол табаны 1520 мм, «Е» кедендік паркіндегі жол табаны 1520 мм және 1435 мм

құрайды. Міне, осындай күрделі операцияларды жүзеге асыру Достық станциясының жұмысын еліміздің басқа станцияларынан айтарлықтай ерекшелендіреді. Станция сигналдар мен стрелкалар электрлік орталықтандырылған құрылғылармен жабдықталған және ол станция кезекшісінің алдындағы пульт-таблоға қосылған. Станция кезекшісі жолдың жағдай-

ына, стрелкалар мен сигналдар орналасуына, жол аралықтарына іргелес орналасқан телімдер ахуалына бақылау жүргізіп отырады.

#### ЖЕТІ АЙДАҒЫ ЖЕТІСТІК

Достық станциясының ұжымы биылғы жылдың жеті айында пайдалану көрсеткіштерін орындауда статистикалық жүктеме, жұмыс жүк түсіру, Жалаңашкөлдегі жүк тиелімі сияқты үш-төрт көрсеткіште кемшін қалғаны болмаса, көбісін меже үдесінен асыра орындаған. Мәселен, вагондарда экспорттық жүкті тапсыру жоспары 101, ал тоннаға шаққандағысы 111%-ке орындалса, импорттық жүктерді вагондарда және тоннамен қабылдау көрсеткіштері де 198 және 109%-ке жетіп жьғылған.

Вагондарда және тоннаға шаққандағы жүк айналымы жоспардан 38 және 10 пайыздарға асыра орындалса, вагондардан сағаттарына қатысты көрсеткіште жоспардан асыра орындалған. Транзиттік вагонды өңдеуге қатысты тоқтап тұру уақыты жоспар бойынша 17, 16 сағат болса, ал бұл көрсеткіш 13, 22 сағатты құраған.

#### ДОСТЫҚТЫ ДАМУҒА ЖОСПАРЫ

Достық – Алашанькоу темір жол түйіспесі ел назарындағы басты нысан. Қытай – Еуропа – Қытай бағдарындағы транзиттік тасымалдың басым бөлігі де осы түйіспе арқылы өтеді. Сондықтан аталған өткел арқылы жүк тасымалын арттыру үшін Достық станциясын дамыту аса маңызды. Бұл бағытта ауқымды іс-шаралар қолға алынып отырғанын айту керек. Мысалы, алдағы жылы станцияда микропроцессорлық жабдықтары бар жаңа ЭЦ қосынын салу жоспарда бар. Сонымен қатар төрт қабылдау және жөнелту жолы бар 1520 миллиметрлік «З» паркін салу және «Д» қабылдау-жөнелту паркінде қосымша екі жол салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ «Г» және «Д» паркітерінің арасына 1435 миллиметрлік жол табаны бойынша екінші жол салу қарастырылса, «Г» сұрыптау паркіндегі алты жолды ұзарту жоспарлануда екен. Бұдан басқа да жүзеге асырылып жатқан жұмыстар аз емес. Мәселен, Достық – Мойынты телімінде екінші жолды салу жобасы бойынша құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатса, биыл қазан айында «ЭТТ Достық» ЖШС жүкті ауыстырып тиеу терминалы пайдалануға берілімек.

Суретті түсірген Ислам ТАЛҒАТ



## НОВЫЙ ИМПУЛЬС РАЗВИТИЮ



СОТРУДНИЧЕСТВО

**Казахстан заключил соглашение с AD Ports Group по развитию инфраструктуры в порту Курык. Документ предусматривает взаимодействие в строительстве зернового и многофункционального морского терминалов.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

Министр индустрии и инфраструктурного развития Казахстана Марат Карабаев, вице-министр иностранных дел Алмас Айдаров и управляющий Международного финансового центра «Астана» Ренат Бектуров приняли участие в церемонии подписания Соглашения об основных условиях сотрудничества между компаниями Semurg Invest и AD Ports Group, предусматривающего взаимодействие по строительству зернового терминала и многофункционального морского терминала «Саржа» в порту Курык.

Региональный директор AD Ports Group Абдулазиз Зайед Аль-Шамси и генеральный директор Semurg Invest Нуржан Марабаев скрепили своими подписями данное соглашение. Как отметил заместитель

министра иностранных дел РК Алмас Айдаров, ОАЭ являются важным торгово-инвестиционным партнером Казахстана. По итогам I квартала 2023 года из ОАЭ в РК привлечены прямые иностранные инвестиции на сумму 209,7 миллиона долларов (рост в 2,5 раза в сравнении с аналогичным периодом 2022 года – 83,1 миллиона долларов).

С 2005 года по первый квартал 2023 года привлечены инвестиции на сумму 3,38 миллиарда долларов. На 1 августа 2023 года в Казахстане действует 250 компаний с участием арабского капитала.

Проект ММТ «Саржа» входит в перечень крупнейших инфраструктурных проектов Казахстана и вызывает большой интерес у зарубежных инвесторов.

– Сегодня на территории будущего терминала действует СВХ, завершено строительство двух причалов, подъездных железнодорожных путей, первой




фазы зернового терминала и терминала генеральных грузов. Вскоре ожидается перевалка первых грузов. Полная реализация проекта позволит увеличить пропускную способность Транскаспийского международного транспортного маршрута на 10 миллионов тонн в год, – сообщил Нуржан Марабаев.

Абдулазиз Зайед Аль-Шамси после подписания соглашения отметил, что эмиратская сторона заинтересована в сотрудничестве с портом Курык по реализации важнейшей транспортно-логистической инициативы для развития экспортных маршрутов в Центральной Азии.

Фото автора

## ВЗГЛЯД ЭКСПЕРТОВ СО СТОРОНЫ



АКТУАЛЬНО

**Стратегическая сессия «Меры по искоренению коррупционных рисков при найме на работу» состоялась в АО «НК «КТЖ».**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

Модератор отметила, что основная цель – силами команды и внешних консультантов-экспертов разработать стратегическое решение для крупнейшей национальной компании Центральной Азии по исключению коррупционных рисков при поиске и подборе персонала.

Так, во время стратегической сессии АО «НК «КТЖ», посвященной обмену опытом в вопросах по искоренению коррупционных рисков при приеме на работу, озвучено, что КТЖ обеспечивает экономическую взаимосвязь с 17 областями Казахстана и тремя городами республиканского значения и через 16 стыковых пунктов – с пятью соседними странами: Китаем, Россией, Узбекистаном, Кыргызстаном и Туркменистаном.

Несмотря на проводимые меры в рамках минимизации коррупционных рисков, случаются факты получения руководителями линейных подразделений денежного вознаграждения за трудоустройство и за переобучение, переводы с должности помощника машиниста на машиниста, что, в свою очередь напрямую

влияет на производственную безопасность.

В связи с этим в компании решили посмотреть на текущую модель приема на работу сторонним взглядом и пригласили экспертов в области поиска и подбора для выработки подходов по искоренению коррупционных рисков, декомпозиции действующей системы поиска и подбора персонала в КТЖ и повышения ответственности работников региональных и линейных подразделений, чтобы каждый работник понимал и знал, какое влияние он имеет на репутацию компании.

Программа стратегической сессии включила в себя обсуждение текущей ситуации, постановку вопросов и групповое обсуждение.

– Это непростой вопрос. Ведь в структуре КТЖ входят порядка 20 филиалов и дочерних организаций, территориально расположенных во всех регионах РК, а также на территории РФ. Производственный персонал – 103,5 тысячи человек (94%), административно-управленческий персонал – 6,5 тысячи человек (6%). В среднем в год объем закрываемых вакансий с учетом текучести (7,66%) составляет более восьми тысяч вакансий, – отметила Сауле Истлеева. Также озвучено, что в компании процесс

поиска и подбора (рекрутинга) с апреля 2019 года был централизован в корпоративном центре КТЖ. Публикация всех вакансий на сайтах: [rabota.nur.kz](http://rabota.nur.kz), [qsamruk.kz](http://qsamruk.kz), по корпоративной почте и другим каналам связи. Тогда при централизованном найме средний срок закрытия вакансий составлял 30 рабочих дней.

В 2022 году была внедрена корпоративная ИТ-система рекрутинга [job.railways.kz](http://job.railways.kz). В целях оперативного укомплектования штата производственного персонала (категория «рабочие» и «служащие») рекрутинг стал частично децентрализованным – поиск и подбор осуществляется на местах. В общем, объем вакансий производственного персонала составляет 70% от всех вакансий. А средний срок закрытия вакансий по производственному персоналу – 19 рабочих дней. При этом ежедневно принимаются более 800 помощников машинистов и переводятся более 70 машинистов локомотивного хозяйства.

Учитывая столь масштабные проводимые работы по найму персонала, всесторонне обсуждены вопросы по принятию «нестандартных» мер по искоренению коррупции при найме персонала в текущей модели рекрутинга. Также экспертами рассмотрена разработка новой модели управления процессом поиска и подбора (системы, процессы, ресурсы, «дорожная карта» проекта). Помимо этого, участники предложили меры по повышению бренда работодателя на линейном уровне в процессах отбора (коммуникационную стратегию).

## ВСТРЕТИТЬ ЗИМУ БЕЗ ПРОБЛЕМ



ПУТЕВЫЕ РАБОТЫ

**В Карагандинском регионе продолжают ремонтные работы, связанные с оздоровлением железнодорожных путей.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

За текущий период были начаты путевые работы с применением машин тяжелого типа, согласно «дорожной карте». На сегодняшний день очищено более 80 километров щебеночного балластного слоя с применением машин РМ в комплексе большой группы единиц путевой техники.

– Вышеназванная процедура предназначена для оздоровления железнодорожного полотна. Как известно, щебеночное основание со временем загрязняется и приходит в негодность. Кроме того, из-за динамических воздействий подвижного состава появляются неровности на путях, которые влияют на плавность хода пропуска поездов, – поясняет заместитель директора Карагандинского отделения магистральной сети Серик Айкынбеков. – Данные работы осуществляются ежегодно. В текущем году был увеличен объем путевых процедур почти в два раза. Хотелось бы выразить благодарность руководству центрального ап-



парата, выделившему нашему отделению путевую технику. При проведении ремонтных работ временно было приостановлено движение пассажирского и грузового потока.

В течение двух месяцев железнодорожниками производилась очистка более 80 километров железнодорожного полотна, начиная от станции Анар до станции Мойынты. То есть практически были охвачены все перегоны, в зависимости от их технического состояния. Наиболее критические места подлежали основательному ремонту. Также при помощи путевой техники SMD было

уложено порядка 30 километров железобетонных шпал взамен на пришедшие в негодность, взломанные или имеющие дефекты. Работы производились на десяти перегонах – на участках станции Мырза до станции Донгал. Ремонтный километраж был определен комиссией в ходе осмотров, которые проводятся согласно нормативам два раза в год – весной и осенью. По проведенному анализу выявлены замечания в этом году ремонтные работы запланированы в полном объеме.

На следующий год будут проведены операции по очистке щебеночного баланса порядка 80

километров и по смене железобетонных шпал с применением той же техники СМД. Кроме того, в 2024 году на перегонах Дарья – Жарык намечен капитальный ремонт со сменой рельсошпальной решетки и заменой балластного слоя. Одним словом, будет полностью произведена срезка земляного полотна до песчаного основания по нечетному пути порядка 18 километров.

– В этом году продолжают действия по смене стрелочных переводов порядка 100 комплектов. В первую очередь предусмотрена укладка 20 стрелочных переводов на четырех станциях. На сегодняшний день уже уложено 36 комплектов, к укладке готовы еще 15 – по главному ходу. Буквально на днях ожидается приход путевой техники, предназначенной для укладки стрелочных переводов – это две машины немецкого производства Desec. Работы по укладке стрелочных переводов начнутся со станции Сарыбел Карагандинской дистанции пути, затем продолжится на станции Нидды Акадырской дистанции пути, – продолжает разговор Серик Айкынбеков.

Согласно плану, до конца октября текущего года все стрелочные переводы будут уложены в полном объеме, и Карагандинский регион встретит предстоящую зиму в стопроцентной готовности.

Фото автора

## РАЗГОВОР О ВАЖНОМ

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**  
Астана



ФОРУМ

**Масштабный казахстанско-китайский бизнес-форум прошел в Шэньчжэне.**

На открытии форума заместитель Премьер-министра – министр торговли и интеграции Казахстана Серик Жумангарин обозначил три основных направления для инвестиций в Казахстан.

Первое – логистика, которая включает развитие действующих и создание новых маршрутов, инфраструктуры, погрузочно-разгрузочных центров и т. д. Представляет особый интерес для крупных транспортных операторов.

– В настоящее время создается сеть приграничных торгово-экономических хабов, логистических центров, которые станут основой стран ЕАЭС и Центральной Азии и перспективой дальнейшего расширения. В каждой области Казахстана имеются специальные экономические и промышленные зоны, созданные с учетом специфики того или иного региона. В рамках этих зон предоставляется пул налоговых преференций, действует специальный правовой режим. Наряду с инвестиционными преференциями в виде освобождения от уплаты налогов и пошлин с недавнего времени введен инвестиционный налоговый кредит, направленный на снижение нагрузки на инвесторов в первоначальный период их деятельности, – подчеркнул Серик Жумангарин.

В 2014 году в порту Ляньюньган был создан совместный с китайскими партнерами логистический терминал, который сейчас является основным пунктом консолидации грузопотоков в/из Казахстана. Сухой порт в технологической увязке с двумя железнодорожными переходами на границе с Китаем, железной дорогой Жетыген – Коргас и автомагистралью Западная Европа – Западный Китай и привлечением компетентных крупнейших транспортно-логистических операторов открыл новый этап в развитии Евразийских трансконтинентальных перевозок.

Второе направление для инвестиций – глубокая переработка продукции, третье – сельское хозяйство Казахстана.

## ВАГОНЫ ДЛЯ ДАМ

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана



СЕРВИС

**С начала 2023 года свыше 80 тысяч женщин-пассажиров воспользовались возможностью проезда в женских вагонах АО «Пассажирские перевозки», а с момента запуска пилотного проекта – свыше 200 тысяч.**

На сегодняшний день воспользоваться данной услугой национального перевозчика можно по восьми маршрутам: Алматы – Оскемен, Алматы – Мангистау, Павлодар – Туркестан, Мангистау – Семей, Атырау – Астана, Актобе – Алматы, Астана – Алматы, Астана – Шымкент.

При оформлении билетов на сайте [bilet.railways.kz](http://bilet.railways.kz) или в билетных кассах АО «Пассажирские перевозки» женский вагон обозначен специальной литерой «ЖН».

Внешне эти вагоны ничем не отличаются от остальных: точно такая же комплектация и такое же убранство. Разница лишь в том, что все пассажиры в нем – женщины и проводники тоже. Перед каждым рейсом все работники поезда бригады проходят инструктаж.

Отметим, что в женских вагонах допускается проезд пассажиров мужского пола до семи лет.

## ГЛАВНЫЙ КРИТЕРИЙ

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы



БЕЗОПАСНОСТЬ

**За семь месяцев текущего года алматинскими локомотивными бригадами применено 476 экстренных торможений против 372 случаев аналогичного периода 2022 года.**



В локомотивном депо выполнены все эксплуатационные показатели, перевозочная работа за семь месяцев при плане 13 137,838 миллиона тонно-километров брутто фактически составила 12 564,006. Техническая скорость – 43,8372 километра/час.

Заходов на внеплановый вид ремонта (МНР) локомотивов зафиксировано 96 случаев с простоем 3 932,20 часа против 124 за аналогичный период 2022 года.

По данным расшифровки, за семь месяцев текущего года допущено 29 случаев нарушений против 23 в 2022 году. По вине ремонтных предприятий допущено пять инцидентов.

Продолжаются наезды на скот. С начала года зафиксировано 125 случаев против 140 в прошлом году. Увеличилось количество столкновений с автотранспортом – 12 случаев против 8 периода прошлого года.

– Столкновение или экстренное торможение во избежание наезда может привести к сходу вагонов, причинению вреда здоровью людей, повреждению подвижного состава, нарушению графика движения, а также создает угрозу для окружающей среды, – говорит начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Айдын Сатыбалдин.

Практикуется совершенствование отбора и подготовки машинистов, повышение их квалификации. Это – организация технической учебы, инструктажей, системы проверок знаний, собеседования с локомотивными бригадами, оснащение учебной базы соответствующими методическими материалами, пособиями, тренажерами.

Фото автора



## ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ПАРКІНЕ АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ



«Жолаушылар тасымалы» АҚ елорданың 25 жылдығына орай Астанадағы Теміржолшылар саябағы мен «Нұрлы жол» вокзал кешені маңына ағаш отырғызды.

Алдымен жақында ғана «Салтанат қақпасы» монументінің жанынан ашылған Теміржолшылар саябағына «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Жәнібек Тайжанов бастаған компания қызметкерлері жиналып, қайың ағашын отырғызу акциясына қатысты.

– Бас қаламыздың мерейтойына орай біздің компания елорданы көгалдандыру және абаттандыру ісіне үлес қосу мақсатында осындай акцияны ұйымдастырды. Ағаш отырғыздан бөлек екі қапталы пойыз доңғалақтарынан жасалған, асты рельс үстінде тұрған орындықтар қойдық. Бұл біздің Теміржолшылар саябағының өзіне

тән ерекшелігі болады. Бұл ерекше орындықтарды өзіміздің теміржол саласындағы жұмысшылар жасап шықты. Барша елордалықтар мен қазақстандықтарды Астананың ширек ғасырлық мерейтойымен тағы да құттықтай отырып, тұрғындарды қаламызды таза ұстауға шақырамын. Осындай саябақтар көбейіп, тұрғындарымыздың жайлы демалуы үшін қолайлы жағдай жасала беруі керек, – деді Ж.Тайжанов.

Бұдан соң теміржолшылар «Нұрлы жол» вокзал кешені маңына да 28 түп қайың ағашын отырғызып, акцияны аяқтады.

Еске сала кетсек, «ҚТЖ» ұлттық компаниясы Көлік қызметкер-



лері күні қарсаңында елорда тұрғындары мен қонақтарына «Салтанат қақпасы» монументінің жанынан жаңа шағын гүлзарды сыйға тартқан болатын. Оның ашылу салтанатына қала әкімі

Жеңіс Қасымбек пен «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев қатысқан.

Ұлан ОРАЗ  
Суретті түсірген  
Нұрбол ЕСІМБЕК

## АРДАГЕРЛЕР БӨЛМЕСІ АШЫЛДЫ

Биылғы төл мерекеде Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының ардагерлері қуанышқа бөленді. Дистанция бастығы Аман Көбеновтің бастамасымен аға буын өкілдері үшін арнайы бөлме ашылды.

Саналы ғұмырын осы дистанцияның дамуына сарп еткен жандар енді жерде бос уақыттарында ардагерлер бөлмесінде бас қосатын болады. Кең де жарық бөлмені жасақтап, ардагерлерге жайлы орынға айналдыруға кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Қожахметова мен кадр бөлімінің басшысы Жанар Есенқараева бастаған белсенділер үлес қосыпты. Ардагерлер ұйымының төрағасы Рахматулла Нұрymbетов дистанция есебіне тіркелген зейнеткерлерді бастап келіп ізбасар әріптестеріне алғыс-



тарын білдіріп, баталарын берді. – Бізге ақыл-кеңесін беріп, тәжірибесімен бөлісіп отыратын аға буын ардагерлерімізге қашан да құрметтіс ерекше. Аймақтағы жалғыз ҰОС ардагері Төлеген Жүнісов ақсақалдың ахуалын біліп, үнемі назарда ұстап отырамыз. Тамыздың басында кәсіби мерекемен құттықтап барып

қайттық. Биыл дистанциямыздың мақтанышы Нұрлан Жәнібеков «Құрметті теміржолшы» атағын алса, тағы он шақты адам құрмет грамотасымен марапатталды. Осының бәрі біздің дистанцияның абыройы деп білемін, ал оған сіздердің қосқан үлестеріңіз ұшан-теңіз, – деп сөз сөйледі дистанция бастығы ардагерлер

бөлмесінің ашылуында.

– Біздер үшін туған шаңырағымызға айналған дистанцияның ыстық-суығы бізге де ортақ. Жақсы жаңалық естісек, қуанып марқайып қаламыз. Мына кабинеттің ашылуы ардагерлерге көрсетілген құрмет деп білеміз. Бұған дейін түрлі себептермен осында келсек, қай кабинеттің есігін ашарымызды білмей жүретін едік, енді тіке өз бөлмемізге келетіміз қандай ғанибет, – деген дистанция бастығының СОБ жөніндегі орынбасары қызметін атқарған Мақсұт Майкелдиев, ардагерлердің аратура техникалық сабақтарға қатыстырылуы туралы бастама көтерді. «Бүгінгі енгізіліп жатқан жаңа технология бізге де қызық, қажет болса білгенімізді үйретейік, тәжірибемізбен бөлісейік» деген ардагердің ойын бас есепші болған Ханымша Бекжанова мен диспетчер-зейнеткер Қосымбай Асқаров та қоштады.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда  
Суретті түсірген автор

## Өнербаян



Теміржол саласында еңбек етіп жатқан жандар арасында өнерге бейім жандар аз емес. Қолөнерші, суретші, спортшы, биші мен әншілер жетерлік. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – бала кезден шығармашылықты серік етіп, өлең жазып, ән шығаратын өнері бар Роза Сүлейменова.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ СЕРІК ЕТКЕН ЖАН

Қарағандының Мойынты станциясында тасымалдау құжаттарын өңдеуші аға оператор болып еңбек ететін теміржолшы келіншек осы жердің тумасы. 20 жылдан бері өзі де, 30 жылдан бері жолдасы Кәсен де темір жолда еңбек етіп келеді. Ерлі-зайыптылар 4 бала өсіріп-жеткізіп, бүгінде олардан сегіз немере сүйіп отыр.

Розаның әндері жергілікті халыққа кеңінен танымал. 2021 жылы «Өлеңім – менің өнерім» атты жыр жинағы жарық көрген. Арасында фейсбук желісіндегі өз парақшасына өлеңдерін жариялап отырады.

– Осы өңірде туып-өскен соң бала кезден темір жолдағы жұмыс етене жақын болды. Әке-шешем де теміржолшылар. Әкем 16 жасынан бастап вагон қараушы болып зейнетке шыққанша еңбек еткен. Бүгінде ағам Ержан Балқаш жол дистанциясының бас инженері, мен Мойынты станциясындамын. Отбасымызда тоғыз бала өстік. Көзкөргендер арғы аталарымызда суырыпсалма ақындық өнер болған деседі, – деп сыр бөлісті Роза.

Оның туған жеріне арнап жазған «Мойынты вальсі», «Сарышаған вальсі», «Балықшы ауыл», «Таңыбай батыр» әндері ел арасына кең таралып, есімін танымал етті. Станцияда өтетін барлық мерекелік кеш Розасын, оның әндерісін өтпейді.

Әділет МҰСАХАЙ, Қарағанды  
Суретті түсірген автор

## ЧЕЛОВЕК-ЛЕГЕНДА

19 августа этого года исполнилось бы 100 лет легендарному НОДУ Костанайского отделения ГП Бертрану Рубинштейну. Эту должность он занимал рекордное количество лет – 33 года возглавлял отделение.



До того, как прийти на железную дорогу, Бертрану Рубинштейну пришлось пройти по дорогам войны. Воевал с 1941 по 1945 год и завершил фронтовой путь на Дальнем Востоке. Сам ветеран так говорил о войне: «Прошел войну от начала до конца. К войне невозможно привыкнуть. Война – это тяжкий труд. Война – это голод, холод, лишения, разлука с

близкими. Это сутками лежать в болоте под свистящими пулями, каждую секунду ожидая смерти». Но Рубинштейну повезло, он выжил и вернулся домой. Для того, чтобы приложить свои знания и умения на созидательный мирный труд.

За 33 года его руководства Костанайского отделементом коллектив добился многих успехов: экономических, технологических,

профессиональных. Вклад его в железнодорожную отрасль оказался столь значительным, что костанайские железнодорожники, да и жители города помнят его по сей день.

К столетию Бертрана Рубинштейна в Костанайском регионе проведен ряд значимых мероприятий. В частности, городской маслихат одобрил переименовать в областном центре улицу Железнодорожную в улицу Бертрана Рубинштейна. Кроме этого, ко дню юбилейной даты АО «НК «ҚТЖ» подготовило фильм о деятельности Рубинштейна. А совет ветеранов-железнодорожников Костанайского региона выпустил сборник под названием «Легендарному НОДУ – 100 лет».

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай  
Фото автора

## ЛЕТО, СОЛНЦЕ, МЯЧ, ПЕСОК...

В Уральске на первенстве по пляжному волейболу среди структурных подразделений АО «НК «ҚТЖ», в котором приняли участие восемь команд железнодорожников, не обошлось без сюрпризов. Товарищескую встречу посвятили Дню физкультурника, а победителем стала команда опоздавших.



Понятное дело, тренировки проходили без отрыва от производства. Лето выдалось очень жарким, и август, увы, облегчения не принес. Соревнования проходили на территории главного стадиона города им. Петра Атояна в водохранилищной зоне реки Чаган. Их организаторами выступили инструктор-организатор Бекзат Гилманов и спортиструктор ФСК «Локомотив» Болат Карлибаев совместно с профсоюзными комитетами филиалов компании.

В первенстве приняли участие команды Уральской дистанции пути (ПЧ-1), Уральского вагоноремонтного депо (ВРД), Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3), Уральской дистанции сигнализации и связи (ПЧ-7), АО «Транстелеком (ГТКО), Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1), команда станции Семиглавы Мар ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» (Семиглавы Мар) и ТОО «Сары-Арка компания» (Сары-Арка).

Пляжный волейбол – зрелищный вид спорта, и уральские железнодорожники не подвели, показав яркую, красивую игру. Команды состояли из двух человек. Как отметил входящий в судейскую коллегию ветеран спорта Александр Любимкин, жаркая погода ничуть не помешала спортсменам, добавив драйва и огня, а все спортсмены проявили волю к победе, хорошие бойцовские

и командные качества.

Начались соревнования в 9 утра, однако участие команды пассажироперевозчиков «Сары-Арка» оказалось на грани вылета из-за опоздания. Но поскольку это была все-таки товарищеская встреча и все знают, что добраться из Аксая (станция Казахстан), расположенного в 140 километрах от Уральска, непросто, применятся жесткие дисциплинарные меры к ребятам не стали. И они не подвели, влетев кометой не только в матчи, но и на верхнюю ступень пьедестала.

Неожиданной оказалась и борьба за третье место, где одинаковое количество очков набрали сразу три команды – ВЧД-3, ПЧ-1 и ПЧ-7. Однако игра путейцев оказалась более результативной, и Уральская дистанция пути уверенно заняла третье место. В финале встретились команды «Семиглавы Мар» и «Сары-Арка». Отметим, что обеим командам пришлось добираться издалека.

Безусловным победителем первенства стали пассажироперевозчики, хотя им пришлось играть подряд со всеми уже ранее отыгравшими командами, а «Семиглавы Мар» занял второе место. Все призеры награждены грамотами и ценными призами. Но и те, кто не добился победы, остались довольными.

Анна МАРЬИНА, Уральск  
Фото автора

## ВЕСЕЛО ПРОВОДИМ КАНИКУЛЫ

Сегодня в детских оздоровительных лагерях отдыхают 120 детей железнодорожников Павлодарского отделения ГП. В этом году они побывали в новом месте – центре семейного отдыха «Эдельвейс».

В первую очередь оздоровлять отправляли детей из социально уязвимых слоев населения. Напомним, эта работа ведется по социальной политике ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» и Коллективному договору, подписанному между работодателем и его коллективом. Путевки родители приобрели на льготных условиях, оплатив лишь 10 процентов, а остальная стоимость – из бюджета социальных расходов акционерного общества. В прошлом году на отдых отпра-

вились 137 павлодарский детей.

Дети в возрасте от 7 до 13 лет провели свой летний досуг в двух живописных местах: детский лагерь имени М. Габдуллина в Зеренде и центре семейного отдыха «Эдельвейс». Последний объект – новое направление для ребят. Находится он в живописном месте в Боровом, где мальчишки и девочки смогут получить большую дозу кислорода. Каждому ребенку были обеспечены пятиразовое питание, веселый досуг, физи-



ческая нагрузка: соревнования, гимнастика, зарядка и т. д.

Айдана ЕРТАЙ  
Фото автора



КАЗАҚСТАН  
ТЕМІР  
ЖОЛЫ



КАЗҚОЛККӘСПІ

Бас редактор  
Дина Муздубаева  
Бас редактордың орынбасары  
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.  
© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдеп басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
Маңғыстау: Шакида Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76  
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61  
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97  
Шымкент: Сабра Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
Асель Распаева,  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.